



Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, темір жолдар арқылы жүру және өту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 1248 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 83 бұйрығын қараңыз.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, темір жолдар арқылы жүру және өту ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 4 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, темір жолдар арқылы жүру және өту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, темір жолдар арқылы жүру және өту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жұмыстар жүргізу, оларда құрылыс және өзге объектілерді орналастыру кезінде қауіпсіздік шараларын, сондай-ақ темір жол көлігінің жолаушылары мен азаматтардың қауіптілік жоғары аймақтарында болуы және темір жолдар арқылы өту, жүру кезіндегі қауіпсіздігі шараларын айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) темір жол өткелі - темір жолдарының автомобиль жолдарымен және трамвай жолдарымен бір деңгейде қиылысу орны;

2) темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймағы - темір жолдар, темір жол станцияларының, вокзалдардың аумақтары, тасымал процесімен байланысты темір жол көлігі ұйымдарының өзге де объектілері;

3) жаяу жүргіншілер төсемі - "Жолдар арқылы өту" жол сілтегішімен белгіленген және жаяу жүргіншілердің темір жолдармен жүруі үшін бөлінген темір жол учаскесі.

3. Осы Ереже қызметі темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында объектілерді орналастырумен және оларда жұмыстар жүргізумен байланысты жеке және заңды тұлғаларға, темір жол көлігінің қызметтерін пайдаланатын жолаушыларға және қауіптілігі жоғары аймақтарда тұратын азаматтарға қолданылады.

4. Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарының шекаралары Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына және ережелеріне сәйкес белгіленеді.

2. Қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың және азаматтардың болуы, темір жолдар арқылы жүру және өту тәртібі

5. Поездың келуін күту вокзалдың (күту залдары, балалы жолаушыларға арналған бөлмелері, демалыс бөлмелері, сауда және қоғамдық тамақтандыру пункттері), темір жол станциясының арнайы белгіленген жерлерінде жүзеге асырылады.

6. Жолаушылардың вагондарға отыруы (түсуі) поезд толық тоқтағаннан кейін жүргізіледі.

7. Жолаушылардың вагондардан шығуы мен отыруы перрон немесе отырғызу платформасы жағынан жүргізіледі.

Кәмелетке толмаған балалар вокзал аумағында ересектердің қарауында болады.

8. Жоғары қауіптілік аймақтарында:

1) балаларды қараусыз қалдырмау, әртүрлі қимыл ойындарын ұйымдастырмау;

2) қол жүгімен, багажбен, өзге де заттармен вокзал ғимаратына/ғимаратынан, перрондарға, отырғызу платформаларына, жаяу жүргіншілер көпірлеріне, төсемдерге, туннельдерге өтетін жолдарды бөгемеу;

3) вагондардың төбесіне, есігінің баспалдақтарына, өту алаңдарына отырмау; поезд жүріп келе жатқанда поездға отырмау және түспеу; поезд жүріп келе жатқанда вагон терезелерінен және тамбурлардың есіктерінен үніліп қарамау;

4) ілме басқыштар мен өту алаңдарында және темір жол көлігінің баспалдақтары мен басқа да сыртқы бөліктерінде тұрмау, жүріп келе жатқан поезд вагондарының есіктерін ашпау, қала маңына қатынайтын поезддардың автоматтық есіктерінің ашылып-жабылуына бөгет жасамау;

5) арнайы рұқсатсыз жүк поезддарында жүрмеу;

6) поезддарда мас күйде жүрмеу; поездар вагондарының терезелері мен есіктерінен қоқыс және өзге заттарды тастамау; вагондарда тез тұтанғыш және жарылғыш заттарды тасымалдамау;

7) жол аралықтарында вагоннан шықпау және сол жерде қарсы келе жатқан поездың өтуі кезінде тұру; жолаушы платформасынан темір жолдарға секірмеу; жергілікті және қашық қатынастағы поезддарда шылым шегу үшін арналмаған жерлерде шылым шекпеу;

8) жолаушы платформасы арқылы келе жатқан немесе жөнеліп бара жатқан поезд вагонының жанында жүгірмеу, сондай-ақ тоқтаусыз өтіп бара жатқан поездың қозғалысы кезінде платформаның шетінен екі метрден кем қашықтықта болмау; поезд толық тоқтамай вагонға жақындамау;

9) поезды қажетсіз, өз еркімен тоқтатпау.

9. Темір жолдардан тек белгіленген жерлерде, жаяу жүргіншілер көпірлері, туннельдері, темір жол өткелдері арқылы өтуге рұқсат беріледі. Көпірлері мен туннельдері жоқ станцияларда темір жолдардан өтуге жаяу жүргіншілер төсемдері арқылы өтуге рұқсат етіледі.

10. Азаматтар жаяу жүргіншілер төсемі бойынша темір жолдан өтер алдында жүріп келе жатқан темір жол көлігінің болмауына көз жеткізуі қажет.

Темір жол көлігі жақындаған кезде тоқтауы және оны өткізуі қажет.

11. Темір жол өткеліне жақындаған кезде азаматтар жарық және дабыл беру, сондай-ақ шлагбаумның орналасу жағдайына қарауы қажет. Жолдарды кесіп өту

ашық шлагбаумда, жүріп келе жатқан темір жол көлінің болмауы кезінде жүзеге асырылады.

12. Темір жолдар арқылы жол жүру және өту аймақтарында:

1) темір жол бойымен шеткі рельске 5 метрден жақын жерден өтпеу;

2) жаяу жүргіншілер өтуі үшін жабдықталмаған жолдармен темір жол көпірлері мен туннельдері арқылы жүрмеу;

3) темір жолдар арқылы жүрмеу; жақын келе жатқан поездың алдынан, егер оған дейінгі қашықтық 400 метрден кем болса, темір жолдар арқылы өтпеу; бір бағыт поезд өткеннен кейін, қарсы бағыттағы поезд жүрісі болмауына көзі жетпей, көпжолды учаскелер арқылы өтпеу;

4) шлагбаум жабық тұрған немесе өткелдің дабыл беру бағдар шамы қызыл белгісін көрсеткен кезде темір жол өткелдерінен өтпеу; темір жол өткеліндегі жабық тұрған шлагбаумның астына түспеу, сондай-ақ шлагбаум жабыла бастаған кезде өткелге шықпау; бағыттамалы бұрмалар бойынша жолдардан өтпеу; станциялар мен екі аралықтарда вагондардың астына кірмеу және жолдан өту үшін авто тіркеуден асып түспеу;

5) электрлендірілген учаскелерде тіректерге шықпау, сондай-ақ тіректен рельске дейінгі еңістерге тимеу; жерде жатқан электр сымына 8 метрден жақын қ а ш ы қ т ы қ қ а ж а қ ы н д а м а у ;

6) рельстерге тұрмау немесе отырмау, үшкір және рамалық рельс немесе бағыттамалы бұрмалардың жылжымалы өзектерінің айқаспасы бар науа а р а с ы н д а т ұ р м а у ;

7) темір жол көлігі қозғалысының бұзылуына себепші бола алатын заттарды темір жолдарға қоймау, тастамау, қалдырмау.

3. Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында объектілерді орналастыру және жұмыстар жүргізу тәртібі

13. Қауіптілігі жоғары аймақтарда объектілерді орналастыру және жұмыстар жүргізу магистральдық темір жол желісі операторы беретін жазбаша рұқсат негізінде жүргізіледі.

14. Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында объектілерді орналастыру және жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу үшін магистралдық темір жол желісі операторына мынадай құжаттарды береді:

1) ж а з б а ш а ө т і н і ш ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық құжаттама;

3) жұмыстар жүргізу кезінде темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймағында зақым келтірілген элементтерді қалпына келтіру туралы міндеттеме;

- 4) жұмыстарды жүргізу орындары мен қоршауларды қою схемасы;
5) жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік кестесі және жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік кестесіне сәйкес жұмысты аяқтау міндеттемесі.

15. Өтініш жеті күннің ішінде қаралады. Көрсетілген мерзімнен кейін дәлелді жауап беріледі. Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау қауіптілігі жоғары аймағында объектіні орналастыруға және жұмыстар жүргізуге рұқсат беруден бас тартуға негіз болып табылады.

16. Жедел авариялық-қалпына келтіру жұмыстары магистралдық темір жол желісі операторы өкілінің қатысуымен, осы Ережені 15-тармағында белгіленген тәртіппен кейіннен рұқсаттарды ресімдей отырып орындалуы тиіс.

17. Темір жол көлігінің жоғары қауіптілік аймақтарында жұмыстарды жүргізу темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін төмендетпеуі, темір жол көлігі қозғалысында үзілістердің пайда болуына әкеліп соқпауы тиіс.

18. Темір жолдардың электр беру және байланыс желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, автомобиль жолдарымен, өзге де жер үсті және жер асты құрылыстарымен қиылысуына уәкілетті органның келісімінен кейін ғана жол беріледі.

Темір жолдардың жер үсті және жер асты құрылыстармен қиылысуы осы құрылыстарды жобалау және орналастырудың нормативті-техникалық кесімдерінің тиісті талаптарын сақтай отырып орындалуы тиіс.

19. Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында мал жайылымына тыйым салынады.

20. Қызметтік автомобиль көлігінің вокзалдар перрондарына кіру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

21. Қауіптілігі жоғары аймақтарға өрттерді, аварияларды және басқа да табиғат апаттарын жою үшін өрт сөндірушілердің және авариялық-құтқару командаларының жауынгерлік есептері жедел және шұғыл медициналық көмек бригадалары кедергісіз жіберіледі.